

- 2) <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%93%D0%B8%D0%BF%D0%BF%D0%BE%D0%BA%D0%B0%D0%BC%D0%BF>
- 3) <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%93%D0%B8%D0%BF%D0%BF%D0%BE%D0%BA%D0%B0%D0%BC%D0%BF>

АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЛИНГВОПОЭТИКА МӘСЕЛЕСІ

Жиеналина А.Б,
Тәуіржан С, Сисенова А.
[Akzat.f7@mail.ru](mailto:akzat.f7@mail.ru) akhtanova.
sayazhan@gmail.com aruzhan200270@gmail.com 4-курс
6B02304 «Филология: қазақ филологиясы»
Қ.Жұбанов атындағы
АӨУ, Филология факультеті
ф.ғк доцент Б.Қ.Мұратбек

Резюме

В настоящее время изучение особенностей языка и литературы, выделение их различий открыло путь для развития и совершенствования других отраслей языка. Через язык, этнолингвистику, паралингвистику, психоллингвистику, лингвокультурологию широко распространились новые направления, оказавшие значительное влияние на коммуникацию культуры и литературы. Кроме того, лингвистические, лингвостилистические, лингвоэстетические анализы явились основой для сотрудничества и интеграции литературы и языкознания, помимо изучения произведений исторических деятелей и анализа их художественной ценности с лингвистической точки зрения в литературоведении.

Summary

At present, the study of the features of language and literature, highlighting their differences has opened the way for the development and improvement of other branches of the language. Through language, ethnolinguistics, paralinguistics, psycholinguistics, linguoculturology, new directions have spread widely, which have had a significant impact on the communication of culture and literature. In addition, linguistic, linguo-stylistic, lingo-poetic analyzes were the basis for cooperation and integration of literature and linguistics, in addition to studying the works of historical figures and analyzing their artistic value from a linguistic point of view in literary criticism.

Қазіргі таңда тіл мен әдебиеттің ерекшелігін зерттеу, айырмашылықтарын саралау, тілдің басқа салаларының дамып, жетілуіне жол ашты. Тіл арқылы этнолингвистика, паралингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану сынды жаңа бағыт кең етек жаюмен қатар, мәдениет пен әдебиеттің байланысуына анағұрлым әсерін тигізді. Сонымен қатар, әдебиеттануда тарихи тұлғалардың шығармаларын оқытып, көркемдік құндылығын тілдік тұрғыдан талдаудан бөлек, лингвистикалық, лингвостилистикалық, лингвопоэтикалық талдаулар әдебиет пен лингвистиканың бірлесіп, жымдасуына негіз болды.

Жазушы шығармасында айтпақ идеясын, бермек образдарын және көрсетпек суреттерін тіл арқылы білдіреді. Көркем шығармада ненің суреттелгені ғана емес, қалай суреттелгенінің маңызы зор [1, 242]. Осыған орай, филологияның ерекше бөлімі лингвопоэтика – көркем шығармадағы эстетикалық әсерді және идеялық көркемдік ойларды жүзеге асыруға қажетті тілдік құралдарды қолданудың жиынтығы.

Қазақ тіл білімінде «лингвопоэтика» термині алғаш Р.Сыздықова, Г.Н.Смағұлова, Б.Шалабай, К.К.Ахмедияров, Б.Қ.Момынова, А.Б.Салқынбай, Г.Әзімжанова, т.б ғалымдар еңбегінде ұшырасты. Көркем мәтінді талдаудың негізгі үлгілері тілші-ғалымдар Р. Сыздық пен Б. Шалабай еңбектерінде жан-жақты сараланып, тілдік талдаудың жолы мен жүйесі, бағыты мен бағдары тиісінше айқындалған. Сонымен қатар, көркем шығармадағы экспрессивті-эмоционалдық мән үстеп тұрған сөздер, сөз оралымдардың мағынасы, интонациясы, автордың сөз қолдану ерекшелігі ерекше ескерілуі қажет екенін назарда ұстайды.

Қоғамда белең алған әлеуметтік мәселелер, саяси дағдарыстар, ұлттық құндылықтар мен тарихи оқиғалар әдебиет беттерінде де ұшырасады. Әдебиетте қоғамдағы өзекті мәселелер көркем тілмен кестеленіп, барынша әсерлі, шебер суреттеледі. А.Байтұрсынұлы “Сөз өнері” деп баға берген, түрлі жанрды бір арнада тоғыстырған “әдебиет” атауы көркем болатындай себеп жетерлік. Оның үлкен ерекшелігі - шындықты көркем тілдің күші арқылы жеткізуінде әрі кейіпкер образы арқылы халықтың проблемасын көтере алатындығында. Жазушы көркем шығармаға өткен дәуірлерде болған тарихи оқиғалар мен өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік мәселесін шығарма өзегіне айналдырып, заманның шынайы бейнесін уытты тілімен бейнелейді. Осыған сәйкес, қоғам мен әдебиетті бір-бірімен үнемі тығыз байланыста дей аламыз. Қазақ әдебиетінде өңірлік әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармашылығы кезең-кезеңімен қарастырылып, сол өлкенің өмір шындығы, дәуір келбеті шынайы баяндалады. Сондай-ақ, сондағы табиғат бейнесі кеңірек суреттеліп, айрықша атап өтіледі.

Ақтөбе өңірінің қарымды қаламгері – Мәди Айымбетовтің шығармашылығы оқырман қауымды қызықтырмай қоймайды. Оның шығармаларында өмір шындығы жарқын бейнеленіп, қоғамның келбеті айқын көрініс табады. Жазушының кейіпкерлері толғандырып, өзгеше ойға жетелейді. Оның повестері мен әңгімелерінде сомдалған бітім-болмысы ірі, тұтастай кейіпкерлер галереясына терең үңілсек, тарихи дәуірдің бір сырын, шындығын шертетін табиғилығымен, шындығымен, рухани кемелдігімен, ішкі жан дүниесінің тазалығымен, қара жердің киелі қасиеттерін, ата-баба өсиеттерін мейлінше ұғынықты өрнектеуімен сүйсіндіріп қызықтырады. Мұның негізгі себептері, шарттары - заман мен қоғамның алуан-алуан түрліше құбылыстарын, оқиға-ситуацияларын кәнігі тамыршыдай дөп басып, дәл айқындап сипаттап, халықтың көркемдік ойлау дәстүрі мен стилін мықтап сақтап, қисынын келтіріп әңгімелеуінде, яғни әңгімелеу өнерін жетік, терең меңгеруінде дер едік. [2]

Жаңа ғасырда өткен дәуірдің құпиясын ашып, тарих беттерінен сыр шертер оқиғаларды шығарма өзегіне айналдырып, басқыншы орыс билігіне қарсы ұмтылған хан ордасының әскери-саяси өмірін шығарманың негізгі арқауы еткен - Мәди Айымбетовтің «Бопай» романы тарихи тұрғыдан ғана емес, көркемдік құндылығы жағынан жоғары, рухани биік туынды. Шығарма эстетикалық ерекшелігімен, көркемдік қуатымен оқырман қауымның көңілінен шығып, тарихын тереңірек зерделеуге, хандар мен сұлтандардан бөлек, елдің ұйытқысы болған билеуші-ана жөнінде тереңірек тануға, ғұмырнамасымен танысуға мұрындық болды.

Қоғам тарапынан езгіге ұшырап, әртүрлі таптаурындар мен сөгістердің құрбаны болған әйелзатының орны қай заманда да өз маңыздылығын жойған емес. Кеңестік жүйенің кесапатынан қыз, әйел, ана атты айбынды мәртебенің иегерлері, қай жағынан да қатал сынға ұшырап, тағдырдың тезіне тентіреп, тек өмірге бала әкелетін құрал есепті халық санасынан орын тепті. "Біздің қоғамда Қазан революциясына дейін қазақ әйелі күн болды, әйел теңдігі дегенді сорлы қазақ білмейді" сынды жалаң пікірді ұстанған "Кеңес адамдары" халықтың санасын улап, ойын он саққа жүгіртіп, отбасы арасына іріткі салып, елді дүрліктірді. Соның салдарынан үйдің отағасылары қызын малға сатып пұл қылды, әйелінің басына әңгіртаяқ ойнатып, баласының алдында абыройын түсірді.. Алайда тарихтан орын алған азапты кезеңдердің бәрінен әйел адамның орны төмен, ойы таяз, ақылы аз деген түсінік қалыптастыру орынсыз. Себебі сахараны мекен еткен дана халқымыздың мыңжылдық тарихының қойнауына көз жіберсек, қазақ тарихында ел билеген көшбасшы әйелдер мен сойыл соғып, найза ұстаған батыр аналардың, арып-ашқан халқын аң аулап құтқарған қайсар қыздардың болғандығын аңғарамыз. Осыған сәйкес, өңірлік әдебиеттің көрнекті өкілі Мәди Айымбетовтің Бопай романы тарих бетінен өшпес орын алған қайсар арулар мен елдің мұңын жоқтаған абзал аналардың өмірін кейінгі ұрпаққа насихаттаған ғажайып туынды десек болады.

Роман - Бопай ханымның өмір жолын баян етуден ғана құралмайды. Саяси дағдарыстар мен басты тәуекелге тіккен қиын жағдайларда Әбілқайыр ханның оңтайлы шешімі, адуынды мінезімен қатар ел басына қауіп төнгенде қарап отпай, қолға қару алып ерлерше шайқасқан арулар мен көз алартқан жауға қарсы би-шешендердің тағылымға толы ойлары сөз болады. Романда сақ патшайымдары Томирис, Зарина патшайымдармен қоса Гүлайым, Ақбота, Ботагөз сынды арулардың ерліктері ерекше баяндалған.

Б.з.б 1 мыңжылдықта қазақ даласын мекен еткен сақ тайпасының заңына сәйкес әрбір 13 жасқа жеткен қыз бала жауынгерлік жорықтың сырына қанығып, әркери тәлім-тәрбиемен сусындап, ат жаратуды, садақ атуды, найза лақтыруды, қылыштасу өнерін жетік меңгеретін болған. Осындай тәртіпті бала кезеңінен бойына сіңірген сақ көсемі Томирис патшайымның бейнесі бүкіл түркі қыздарының эталоны десек артық айтпағанымыз. Ал одан біразырақ бұрын өмір сүріп, Сырдария бойын мекендеген сақтардың тағы бір ержүрек патшайымы Заринаның батыл әрекеті ешнәрсемен өлшеуге келмейтін, айбынды іс. Жазушы, Томирис пен Зарина патшайымдардың ерлігін кейінгі ұрпаққа насихаттап, ежелден халқымыздың қызға деген биік мәртебесін көрсеткісі келеді.

Топонимикалық аңыз-әңгімелерді зерделеген уақытта халқымыз мекен еткен жер-су атауларын қыз есімімен атап, әрбір өзен-көлге ерекше ден қойғандығын байқаймыз. Осы орайда жазушы Ақтөбе өлкесінің Ойыл және Байғанин аудандарында екі арудың (Ботакөз және Ақбота) атымен аталатын жердің аталу себептері туралы аңызды қозғайды. 1742 жылы жазда Есет батырдың ауылы қазіргі Ойыл ауданының Саралжын деп аталатын елді мекенінің маңында құнарлы жайлауда отырғанда Әбілқайыр хан Есет батырды қалмаққа қарсы соғыс мәселесін шешу үшін Орда кеңесіне шақырады. Бұл кезде Есеттің ағасы Қарабас, оның баласы Кенжалы және Есеттің баласы Ақжол атақты Әжібай бидің аулында қонақта екен. Олардың жоқ екенін білген қалмақтар ауылдың барлық жылқыларын қуып кетеді. Ауылда қалған Есеттің қызы Ботакөз еркекше киініп, ауыл адамдарын бастап, қалмақты қуады. Бұндай тегеурінді күтпеген қалмақтар қаша ұрыс салып, әйел адам екенін білмей Ботакөзді садақпен атып өлтіреді. Сол Ботакөз өлген жерді, осы жердегі Ойыл өзеніне құятын сағаны ел содан бері " Ботакөз" деп атайды [3,46-б]. Сол секілді айбынды қыз Ақбота жөніндегі ел аузындағы аңызға тоқталсақ, оның

желісі мынадай: Бірде мамыр айы туа Сәңкібай жылдағы әдеті бойынша Әбілхайыр ханға сәлем беріп, амандасып қайтуға жиналған ел жақсыларымен бірге сый-сияпат алып, Ырғыз даласына қарай аттанады. Ол кезде хан қыста Түркістанды қыстап, ал жазда ежелгі жайлауына келеді екен. Кіші жүздің ішінде тама Есет батыр, табын Бөкенбай, кете Әжібай, беріш Есболай сияқты адамдары бастаған қазақтардың ер-азаматтары Ырғыз даласына қарай ағылғанда, ежелден аңдысып, бірде жеңіп, бірде жеңілумен, итжығыспен келе жатқан қалмақтар бас көтерер ерлер жолаушылап кеткен кезін жансыздары арқылы біліп, қазақ ауылдарынан кек алмақшы болады. Осындай ұрымтал кезеңді көптен күткен қалмақтар Сәңкібай ауылына келеді. Бұл Жемнің құйылысын мекен еткен қалмақтар еді. Сәңкібайдың Ақбота атты қызы ауылда қалған малшы-жалшы, тұма-туыс, ағайын жігіттерді іріктеп алып, өзі еркекше киініп жауға қарсы шабады. Әбілқайыр ханға бір жылғы есебін беріп оралған Сәңкібай аулына тиген жаудың жеңілгенін, бірақ Ақботасының жазым болғанын жолшыбай естиді. Көшіп келе жатқан ауылын осы күнгі Ақбота-Сәңкібай дөңінен қарсы алады. Сонда Сәңкібай: " Денесін адам мен мал аяғынан аулақ сонау тау, құм басына қойыңдар", - дейді [4,21-б]. Топономикалық аңызға түрткі болған батырлардың ерлігі өшпей, өлкенің атауына айналуы қос арудың отанына деген ыстық махаббатының белгісіндей.

Сонымен қатар шығармада ержүрек қырық қыздың басшысы болған Гүлайым сұлудың қалмақтың ізіне түсіп, майданға сапар тартқаны жөнінде хикая Жиен жыраудың жырымен жырланып, домбыра үнімен құйқылжиды. Бопай тағзым еткен Мәні шыңында мәңгілік байыз тапқан Ақбілек қыздың елге деген сағынышы мен туған жерге деген шексіз махаббаты баяндалады.

Кіші жүзден батырлығымен аты шыққан көк найзалы Адайдың Табынай бөлімі тұқымынан тараған ер Сүйіндіктің қызы, Әбілқайыр ханның жары - Бопай ханым тарихта аты аңызға айналған тарихи тұлға, мықты саясаткер. Әбілқайыр ханға ақылшы болуымен қатар, ел аузында батырлығымен, шешендігімен, өнер-білімге жақындығымен есте қалған. Сондай-ақ орыс патшасы алғаш ұйымдастырған музейге қазақ халқының этнографиясы туралы мәліметтер жинастыруға көп көмек беріп, елдің рухани мәдениеті жөнінде танымды ақпаратпен бөліскен. "Дала мадоннасы" атанған Бопайдан тараған ұрпағының барлығы да ел билеген хандар мен елдің мәдени дамуына ықпал жасаған ханшайымдар. Тойғара Нұралыханқызы Орынбор губернаторы арқылы қазақ хандығына байланысты саяси ықпал жүргізіп, Петерборда болып, озық сән-салтанат үлгілерін тез қабылдап, үлгері білген. Ол - қазақ тарихында 1806 жылы мемлекет тарапынан алғашқы жерге ие болған қыз.

Шығарманың басты кейіпкері Бопайдың көрінісі бойжеткен, әйел, ана, әже бейнесінде кездеседі. Сүйіндік ауылында ерлерше қалмақтармен күресіп, адуында қайрат көрсеткен бойжеткеннің батырлығы, Әбілқайырдың қысылтаяң шақта демеуші серігі, Нұралы ханның шешім шығарарда көмек берер дана анасы, Тойғара бойына тәлім-тәрбие сіңірген парасатты әже, барша қазақ әйелдерінің ақылшысы ретінде көрінеді.

Академик Р. Сыздықова романды (эңгімені, повесті) тарихи стиль тезіне салғанда, автор өзі суреттеп отырған тарихи кезеңге сәйкес зат, бұйым, құбылыс, әрекет атауларын келтіруге тиіс, кейіпкерлерін мүмкіндігінше сол кезеңге сәйкес сөйлетуі керек, оның өзінде де әр кейіпкерді өзінің әлеуметтік орнына, тәрбие-танымына, жасына, жынысына қарай «сол кезеңше» сөйлетуі керектігін айтады[5, 98].

Шығармаға лингвопоэтикалық тұрғыдан зер салсақ, автордың тілдік қолданысында көпке беймәлім көнерген сөздердің, құлаққа қанық емес неологизмдердің, өзге автор қолдана бермейтін теңеулердің баршылығын байқаймыз. Соның бірі, «Нақ төрде орнатылған жайпақ орынтақтың оң жағындағы жұқа жібек шымылдықтың ішінде ханға тақау жайғасқан, сұлу ақша жүзінен нұр құйылған ханым мен оның қасында отырған, тысы әдемі оюмен әдіптелген қол дорбасынан асықтарын шашып тастап, орайынан өріліп желкесіне түскен айдары ойнақшыған кішкентай ұл суретші Кэстльдің назарын бірден аударды.»- деген сөйлемдегі «орынтақ» сөзі - біраздан бері қолданылып жүргенімен бекітуге ұсынылмаған, сондай-ақ жұртшылыққа аса таныс емес әлі сараптан өте қоймаған жаңа қолданыс. Бұл жөнінде Шерубай Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография» еңбегінің «Қазіргі қазақ баспасөзіндегі жаңа атаулар мен терминдер қолданысындағы кемшіліктер» деген бөлімінде анық түсіндіріп, бұл орыстың «кресло» деген сөзінің аудармасы деп көрсетеді. Және оның біз көп ести бермейтін «күрсі» деген нұсқасының да бар екендігін айтады. Сол секілді ерекше назар аудартқан сөздердің бірі - «Зәузат». Бұл сөзді білмейтін адам үшін алғашқыда асыл тас атауы деген ой келуі мүмкін. Бірақ, сөйлемдегі контекстің мағынасына қарай топшылау көруге болады. Яғни, бұл сөз бір адамнан өрбіген ұрпақ деген мағынаны береді.

Пролог пен эпилогтың идеялық мазмұнға тікелей әсер ететіні мәлім. Осы тұста А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» біршама пәнсөздің аудармасы мағыналық жағынан сөзге түсіндірме беретін атаумен аталуы арқылы ерекшеленеді. Соның ішінде «қорыту» мен «аңдату» деп аударма жасалған пролог пен эпилогтың романның идеялық мазмұнына әсер етуі бұл бір дұрыс табылған шешім деуге болады. Сөзімізді нақтылар болсақ, М.Айымбетовтің «Бопай ханым» шығармасының прологы расында идеялық мазмұнға, бірінің ізін бірі қуалаған сюжетке, тартыспен құрылған оқиғаға, шебер әзірленген автор шешіміне ең алдымен оқырманды әзірлеп, романға кіріспес бұрын қорытуға әсер етер ой қалдыра білетін бөлігі. Онда оқиға орын алар кезеңнен біршама жыл кері шегініс жасалып, Бәтиманың дүниеге келер сәті ерекше суреттеледі. Өмірі тікелей мал шаруашылығымен жапсарласып жатқан көшпелі Қазақ халқының жыл сайынғы көші қонға әзірлік сәті. Бұл жерде автор табиғи құбылыстың өзгеріске түскен шағын деталь арқылы жеткізуді жөн көрген. Тіпті географиялық ерекшелігіне қарай қыстау мен жайлаудың сипатында суреттеу арқылы жеткізе білген. Соның бірі қызыл судың ағуын сөз етуі, көшпенділер үшін жайлаудың маңызын аңғартады. Прологтың алғашқы сөйлемінде ағайын рулардың жайлауға қарай қызыл су жүре бастағаннан-ақ қозғала бастағаны сөз болады. Шын мәнінде қызыл су дегеніміз өзенді, суы мол өлкелерде болатын құбылыс. Өзен бетіне мұз жарығынан шығатын суды осылай атайтын көрінеді. Яғни, ол суы мол, қысы қатты болатын аймақтарда күннің жылығанынан белгі береді. Осылайша автор көшпелі халықтың жаз жайлауын Жем, Електің жоғарғы жағы деп көрсетіп, бұл мекеннің төрт түлік мал үшін қолайлы екенінен хабардар етеді. Одан өзге прологта суреттелетін күн райының күрт өзгерісі дүниеге ерекше адамның келгенін хабардар еткендей. Ал бұл үзік ойдың түйіні эпилогта нақтылана түскенін аңғара аламыз. Бұл роман құрылымы үшін қалыпты жайт десек те, автордың суреттеу кезіндегі қайталау бермейтін сөз қолданыстары ерекше назар аудартты. Яғни, «құс қанаты амалының ызғырық табы», «тырналардың тыраулағаны» күннің салқындау болатынын сездіруі - осындай сәтте дүниеге келген қыздың да салқын қанды, ер мінезді болатындығын алдын ала ескерткендей.

Өңірлік әдебиеттің кейінгі жылдардағы озық туындысына айналған бұл шығарманың тағы бір ерекшелігі – тарихпен қатар географиялық мекендерді байланыстыруы.

Байланыстырып қана қоймай, әрі сол мекеннің тұрғындарының тілдік қолданысын бүкпесіз көрсете білуі. Расында, біздің ұлан байтақ жерімізді қанша ғасыр бойы мекен етіп келе жатқан дана халықтың территориясы мен тұрмыс тіршілігіне сай тілінде де ерекшелік пайда болды. Бұл сөздік қордың баюына оң әсер еткенін білеміз. Дегенмен, мұндай сөздерді жалпыхалыққа түсінікті емес, әдеби тілде қолданылмайтын, белгілі бір территорияны мекен ететін халық тілінде кездесетін сөздер - диалектілер деп атаймыз. Бұл диалектизм қазақ тіл білімінде іргетасы кейінірек қаланған сала ретінде мәлім. Яғни, 1940 жылдардан бастап қана қазақ диалектологиясының ғылыми мәселелері көтерілді. Бұл салада алғашқылардың бірі болып еңбек сіңірген ғалымдарымыз - С.А.Аманжолов пен Ж.Д.Досқараев болатын. Осы ғалымдардың зерттеуі бойынша көркем әдебиетте де диалектизмді қолдануға болатындығын түсіндік. Бастапқыда ережеде диалект сөздер ауызша қолданылатындықтан, оны жазба әдебиеттерде пайдаланудың қажеті жоқ деген пікір болғанымен, өз орнын, мақсатын түсіне отыра әдебиетте де диалектіні қолдануға болатындығын кейбір пікірлер растады. Егер жазушы шығарма кейіпкерінің қай аймақта тұратынын, жас шамасын, білімін көрсету үшін ауызша диалектизмді қосатын болса ол образды аша түсу үшін ерекше тәсіл екенін айта кеткіміз келеді.

Әдеби тілдің қатысына қарай диалект сөздер: лексикалық диалектизмдер, лексика-фонетикалық диалектизмдер, семантикалық диалектизмдер деп бөлінеді. Осының ішінде лексика-фонетикалық диалектизмдерге жатқызуға боларлық деген бірнеше мысалды келтіргіміз келеді. Негізі бұл фонетикаға қатысы бар болғандықтан әдеби сөздердің жергілікті жерлерде фонетикалық өзгеріске ұшырайтын үлгісі. Енді осыған шығармадан мысал келтірер болсақ: «Сәл сабырлық жасап, тиышталың, кәні...»; «-Е, Бөкенбай батыр, кел, келің, жақындай түскің бермен қарай!» - деген сөйлемдер де «тиышталың», «келің», «түскің» деген сөздерге мән беруіміз керек. Бұл сөздерде өзгерістердің орын алғандығын аңғарып, мән беру керек. «Тынышталыңдар» сөзі алдымен «тиышталыңдар» кейін «тиышталыңға» аусқанына қарайтын болсақ, бұл жерде апакоптану үдерісінің жүргендігін байқаймыз. Апакопа-сөздің қырқаруына әкеліп соғады және ол жергілікті тілдік ерекшелік ретінде жұмсалады. Көбіне бұлай сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырап немесе қысқарып айтылуын еліміздің батыс өңірлері, яғни, Ақтау, Ақтөбе, Орал секілді жерлерде қоныстанған жұртшылықтың күнделікті сөздік қолданысынан аңғаруға болады. Демек, бұл батыс диалектісіне тән тілдік ерекшелік. Ал, шығармада бұл сөздер Әбілқайырдың ауызынан айтылуы - автордың сол кезеңдерде кейіпкерінің еліміздің батыс өңірін мекен еткендігін көрсетуі үшін қолданған тәсілі деп баға беруімізге болады. Бұл тұста автордың шеберлігін байқамау мүмкін емес. Көріп отырғанымыздай әр кейіпкермен жұмыс істеу, оның тұрмыс-тіршілігін, мекендеген жерін, шыққан тегін оқиғамен ғана өрбітпей сөздік қоры арқылы көрсете білуі - әдеби тілдегі керемет үйлесім секілді. Шығарманың тілдік қолданысында элизияның жиі кездесетінін байқаймыз. Яғни, сөз бен қосымшаның арасындағы екі дауыстының қысқарып қалуы ауызекі сөзде жиі көрініс береді. Соның бірі, шығармада жиі кездескен - «баралмады» сөзі. Бұл сөз бара алмады деген тіркестің қысқартылып айтылған нұсқасы. Одан өзге автордың жиі қолданылатын әдеби тіркестерден бөлек, сирек кездесетін синонимдік қатардан сөздерді суырып алып, қолдануын аңғарамыз. Шығармадағы мәлімсіз, пәсейтіп, апайтөс, жолсоқты, т.б. сөздері бастпақыда таңсық көрінгені рас. Кейін синонимдік сөздіктермен жұмыс жасау барысында пәсейтіп-бәсеңдетіп, мәлімсіз-беймәлім, т.б. деген сөздердің синонимдік қатарымен жұмыс жасалғаны түсінікті болды. Сонымен қатар, тарихи романдан қазіргі таңда қолданыста жоқ историзмдер мен архаизмдерді де жиі кезіктіреміз. Шығарма XVIII ғасырдың тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін туынды болғандықтан, көнерген сөздердің

кездесуі заңдылық. Олар көбіне батырлардың қолданған қару атаулары (балта, найза, айбалта, шоқпар, т.б.), шенді білдіретін атаулар (сұлтан, сарбаз, атшабар, күң, құл, болыс, т.б.) және де іс-әрекетті білдіретін көнерген сөздер. Мысалы: «-Дәт бере гөр!» - деген сөйлемдегі «дәт» сөзі Б.Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» архаизм сөздер қатарына жатқызылып, оның мағынасы көңіліне медет тұту, ниет ету, үміт ету деген секілді бірнеше нұсқада түсіндіріледі.

Шығарманың лингвопоэтикасын зерттеу барысында ғалым Исмет Кеңесбаевтың да еңбектерімен ізденіс жүргіздік. Оның ішінде «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» көп қаралған еңбектер қатарында. Оған себеп шығармада айрықша тұрақты тіркестер мен ерекше теңеулердің болуы. Мысалы, автор: «Қараптан-қарап ыржалақтай алмаймын, талғы тарс айырылса да!» - дейтін Бопайдың бір ауыз сөзінен оның ішкі жай-күйін ұғындырар ерекше тұрақты тіркесті қолданып отыр. «Талағы тарс айырылу» - «Қазақ әдеби тілінің сөздігі 13-томында» мысалдармен түсіндіріліп, ашулану, қатты ренжу мағынасында жұмсалатындығы анық сөз болады. Осы еңбекті құрастырған А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлының зерттеу жұмыстары негізінде кейбір мағынасының анығына көз жеткізе алмай жататын біршама сөздік жиынын оқи аламыз.

Әдебиеттің жай өнер емер емес, киелі, қасиетті өнер екенін жоғары бағалаған ұлы жазушы - Мұхтар Әуезов жазушыға да жоғары талап қойған. Ол: «Күндегі құлаққа сіңген тозыңқы сөзден жазушының қаша сөйлейтіні болады. Әдейі өзінің тілін тақ-тұқ қана тіл етпей, шеберлік көрік іздегісі келеді. Кенеулі ойды да көрікті, әсерлі етіп айтпаққа талпынады... Жазушының көркем әдебиеттегі тілі тек жабайы, жұпыны ұғымның тілі болып қоя алмайды. Ұғым, түсінікпен қатар, ой мен сезімге де бірдей әсер етерлік айшықты тілмен әсем сөйлеу шарт», – деп анықтап береді. [12]. Осыған сәйкес жазушы Мәди Айымбетов табиғат бейнесін суреттеуде күнделікті қолданыстан тыс, мүлде ерекше теңеулер мен шебер синонимдік қатарды түзген. Мысалы, «күннің шарадай табағы, көгілжімденіп көгерген жусан, ыстықтан шаңынттанып тұрған аспан, тырнакөз кәусар бұлақ, сұрқылтай күн, қарашаның қырбығы, қоңторғай тіршілік, кензесі кепкен сұрғылт жер». Бұл тіркестерді пайдалану шығармаға ерекше әсер беріп, қоғамда болған елеулі мәселелердің табиғатқа әсер еткенін баяндаған. Теңеудің озық үлгілеріне мысал келтірер болсақ, автор Қарак батырдың сөйлер алды дайындығын - «ұшуға ұмтылыс жасағысы келетін түз қыранындай» деген теңеу арқылы батырдың бейнесін қыран құспен байланыстыруды жөн санаған. Ал, Барактың оң қолы, шабарманы Сырымбеттің бетінің ұшына дейін - «жалқындаған табақтай» - деп суреттейді. Бұл жерде автордың жағымды кейіпкерді жақсы нәрсемен, жағымсыз кейіпкерді ұсқынсыз нәрсемен теңестіруінен оқырман санасында образ бейнесін одан ары анығырақ аша түсуіне ықпал ете алады.

Қорыта келе, тілдік қолданыстар мен әдеби тіркестерді шебер пайдаланған М.Айымбетовтың «Бопай» романы тарихи және көркемдік құндылығы жағынан рухани бай, өресі биік, заман талабына сәйкес жоғары деңгейде жазылған ауқымды шығарма.

Әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. /Рәбиға Сыздықова. / –Алматы: «Ел-шежіре», 2014
2. Негимов С. «Мәди Айымбетов шығармашылығындағы ел суреттері»
3. Толыбеков С. Қазақ шежіресі. – Алматы:Қазақстан,1992. -144 б

4. Пангереев А. Ш. Әдебиет және топонимика: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Редакциялық баспа бөлімі, 2003. - 118б
5. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 98 б.
6. Шерубай Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография»
7. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш»
8. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: -Алматы: Сөздік-словарь 1998ж. -304 б.
9. Б.Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі»
10. І.Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том/Құраст. А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ.Ғабитханұлы және т.б. -Алматы, 2011ж. – 752 б.
12. Мұхтар Әуезов Шығармалар. - Алматы, 1969 - XII том. - 141-бет

АҒАРТУШЫ Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ӘДЕБИ ТІЛ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Ғылыми жетекші-доцент **Мұратбек Б.Қ.**
Бақтыгерей Айкөркем Ханатқызы,
Бектібаева Жаннұр Бектібайқызы
Жеткерген Айқын Сердалықызы
4-курс, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
«Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті» мамандығы

Кез-келген ұлттың тарихи даму жолында белгілі бағыт-бағдар сілтеп, сол ұлттың, халықтың өмір сүру дағдысында өзіндік қолтаңба қалдырып, ерекше еңбектерімен есімі танылған тұлғалар бар. Қазақ тарихының әліппесінде есімдері мен еңбегі бағалы, баршаға танымал тұлғалар қатарында тұңғыш энциклопедист ғалым Ш.Уәлиханов, классик ақын Абай Құнанбаев, тұңғыш ағартушы **Ыбырай Алтынсариннің** есімі ерекше. Бұл тұлғалардың өз халқы үшін кешкен азаматтық ғұмыры, атқарған жарқын істері бірін-бірі жалғастырып, толықтырып тұрады. Әрқайсысының еңбегі құнды болғанымен, олардың жасаған қажырлы, қайратты өмір жолдары өзара сабақтастық пен бірлікте. ып жатыр. Шоқан ғалымдығымен, ізденімпаздығымен дараланса, Абай кемеңгер ойларымен, қара сөздерімен халықтың жадында мәңгіге қалды. Ал Ыбырай Алтынсарин ағартушылығымен танылған тұңғыш педагог. Әрине, олардың бұл қасиеттері тек жалпыхалықтық таным дүниесіндегі түсінік. Өйткені аталған тұлғалардың еңбек еткен салалары мол, әрі терең де зерделі.

Зерттеу алаңы- Ыбырай Алтынсарин, аса көрнекті ағартушы, этнограф, қазақтың ұлттық әдеби және жазба әдеби тілінің негізін қалаушы. Орыс графикасы негізінде қазақ